

А.Қ. Бисенбаев¹, Д.К. Мамытканов¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ ӘКЕЛЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақала жалғыз басты әкелер туралы әлеуметтік-психологиялық мәселені зерттеуге бағытталған. Толық емес әкелік отбасылардың пайда болу, қалыптасу факторлары (жесірлік, ажырасу, әйелдің асоциалды мінез-құлқы) мысалдармен келтірілген. Жалғыз әкелікке әкеп соқтыратын факторлар әке болмысының психологиялық, әлеуметтік жағдайына теріс әсер ететіні атап көрсетіледі.

Аталмыш құбылыс әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан да, заң тұрғысынан да қарастырылады. Қазақстандағы жалғыз басты әкелердің негізгі құқықтарын, артықшылықтары мен кепілдіктерін жүзеге асыру туралы мәселелер де назардан тыс қалмайды. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі, оның әлеуметтену процесіне әсері туралы пікірлер жан-жақты қарастырылады. Жалғыз басты әкелерге әлеуметтік қолдау көрсету және қамтамасыз ету деңгейі салыстыра жіктеледі. Жұмыста жалғыз басты әкелердің әлеуметтік-құқықтық жағдайы, әкелер отбасыларының күнделікті өмірі, әкелердің балалармен қарым-қатынасы, осындай отбасылардың мәселелері мен қиындықтары талданады. Жалғыз басты әкелердің жағдайы шет елдердің мысалында да қарастырылады. Халықтың осы санатына мемлекеттік көмек көрсетудің ең қолайлы шаралары ұсынылады.

Түйінді сөздер: толық емес отбасы, жалғыз басты әке, тәрбие, әлеуметтену, әке институты, әлеуметтік қамсыздандыру, балалармен қарым-қатынас, күнделікті іс-әрекеттер.

A.K. Bisenbaev¹, D.K. Mamytkanov¹

KazNU named after al-Farabi

THE MAIN PROBLEMS AND CAUSES OF SINGLE FATHERS IN MODERN SOCIETY

Abstract

This article is aimed at studying the socio-psychological problem of lone fathers. The factors that lead to the occurrence, formation of incomplete paternal families (widowhood, divorce, asocial behavior of women) are given in the examples. It is noted that factors leading to single fatherhood negatively affect the psychological and social status of a father.

This phenomenon is considered both from the socio-psychological and legal point of view. Questions about the implementation of the basic rights, privileges and guarantees of single fathers in Kazakhstan are not left without attention. Opinions on the role of the father in the upbringing of the child and his influence on the process of socialization are comprehensively considered. The level of social support and provision for lone fathers is relatively classified. The paper analyzes the social and legal status of single fathers, the daily life of paternal families, the relationship of fathers with children, and the problems and difficulties of such families. The state of single fathers is also considered on the example of foreign countries. The most favorable measures of state assistance for this category of population are proposed.

Keywords: solo parent family, lone father, upbringing, socialization, paternity institution, social protection, relationship with children, everyday practices.

A.Қ. Бисенбаев¹, Д.К. Мамытканов¹

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ОДИНОКИХ ОТЦОВ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

Данная статья направлена на изучение социально-психологической проблемы, как отцы-одиночки. Факторы возникновения, формирования неполных отцовских семей (вдовство, развод, асоциальное поведение женщины) приведены в примерах. Отмечается, что факторы, приводящие к одинокому отцовству, негативно влияют на психологическое, социальное положение отца.

Данное явление рассматривается как с социально-психологической, так и с юридической точки зрения. Не остаются без внимания и вопросы по реализации основных прав, привилегий и гарантий одиноких отцов в Казахстане. Всесторонне рассматриваются мнения о роли отца в воспитании ребенка, его влиянии на процесс социализации. Сравнительно классифицируется уровень оказания социальной поддержки и обеспечения одиноких отцов. В работе анализируются социально-правовое положение одиноких отцов, повседневная жизнь семей отцов, отношение отцов с детьми, проблемы и трудности таких семей. Состояние одиноких отцов рассматривается и на примере зарубежных стран. Данной категории населения предлагаются наиболее благоприятные меры оказания государственной помощи

Ключевые слова: неполная семья, отец-одиночка, воспитание, социализация, институт отцовства, социальное обеспечение, повседневные практики, отношения с детьми.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық дәстүрдің ұлттық мейрамдарда ғана ескеріліп, отбасы құндылығының еуропалық түсінікпен зерделенген уақытында әке мен ана бейнесі өзіндік келбетінен ажырай бастады. Ер азаматты, ананы қадірлеу ісіне қатысты көптеген мәселелер де бас көтеруде. Шәкәрім ғұлама жазғандай: өзінді кімге сыйлатып, өзің кімді сыйлайсың? Ер азамат беделінің жоғары болуына тұрмыс сәні ықпал етті. Ал, тұрмыстан сән кеткен уақытта ер азамат беделі де өзінің түпкі мәнінен айырыла бастады. «Жалғыздық бір құдайға жарасқан» - деп халқымыз тұрмыс құрмаған қыз балаға не үйленбей жүрген жігіттерге қаратып айтатын. «Жалғыз басты ана» тіркесіне де соңғы кездері бойымыз үйреніп, құлағымызға сіңе бастады. Ал енді «жалғыз басты әке» дегенді естігенде көпшілігіміздің көңілімізде кірбің ұялайды.

Өкінішке орай, «Келешек» психологиялық орталығының директоры, Наталья Семененконың мәліметі бойынша қазіргі уақытта Қазақстанда алпыс мыңнан астам жалғызбасты әкелер тіркеліп отыр. [1]. Қазақстанда жалғызбасты әкелер санының көбеюіне байланысты, бұл мәселе өте өзекті болып саналады. Өмірлік тәжірибеде ер адамның балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырғаны туралы көптеген деректер кездеседі. 1999 жылғы халық санағы бойынша республикада «толық емес отбасылардың саны 487 мың 100 отбасы болған». Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек «Жалғыз басты аналар мен жалғызбасты әкелер» саны сәйкесінше 444 мың 800 әйел және 42 мың 300 ер адамды құрайды», - делінген (Қазіргі уақытта елде жалғызбасты әкелер мен жалғызбасты аналар саны туралы нақты мәліметтер жоқ) [1].

Алайда, «жалғыз басты әке» термині заңды түрде тіркелмеген, сол себепті осы санатағы әкелер санын анықтау туралы мәселе туындайды. Айта кету керек, жалғыз басты әке мәселесі қазіргі әлеуметтану ғылымы мен психологиялық зерттеулерде жеткіліксіз қарастырылған, алайда зерттеушілер жалғыз басты әке болудың негізгі себептерін ашып көрсетуге талпынуда.

1. Ер адамдар негізінен әйелінің қайтыс болуына байланысты жалғыз басты әке атанады. Егер бұл кенеттен орын алса, бейімделуге ұзақ уақыт қажет болады – көп жағдайда бес жылға дейін созылады. Әрине, бұл оңай жағдай емес.

2. Егер анасы ата-аналық міндеттерін орындағысы келмесе, әкесі балаға қамқоршы болуға мәжбүр болады, көбіне бұл ажырасқан жағдайда жиі кездеседі. Ер адамдар да ажырасу жағдайында ұзақ уақыт уайым кешеді, әсіресе, бұл ұсыныс өз тарапынан болмаға кезде.

3. Жалғыз әке болудың тағы бір себебі от анасының қоғамға жат мінез-құлқы (алкоголизм немесе нашарлық) болуы мүмкін, бұл оны ата-ана құқығынан шектеуге жетелейді.

4. Әйелдері түрмеде жазасын өтеп жатқан кезде де ер адамдар өз балаларын тәрбиелеуге мәжбүр болады.

5. Соңғы кездері, аналары денсаулығы нашар балалары мен күйеуін тастап, қайта үйленіп кететін жағдайлар жиі кездеседі [2].

Бұл тұста мынадай тұжырым жасауға болады, кейбір жағдайларда әкесі баланы өзі жалғыз тәрбиелеймін деп шешеді, ал басқа жағдайларда ол амалсыздан солай істеуге мәжбүр болады.

Қазіргі қоғамдағы аналар дағдарысының көрнісі ретінде- «жалғыз басты әкелер» отбасының қалыптасуына басты себепкер болып табылатын әйелдерді былай типологиялауға мүмкіндік берді: абыюзивті тип - ана құқығынан айырылған әйелдер, эгоцентистік типт- жақсы өмір іздей отырып, саналы түрде отбасын тастайтын әйелдер, компульсивті типке мәжбүрлік жағдайларға байланысты отбасыларынан оқшауланған әйелдер жатады. Провиденциалды типті әр түрлі себептермен қайтыс болған әйелдер қатары құрайды. Осы типологияға сәйкес әкелерді де типологиялауға болады. Жалғыз басты әкелердің типологиясына мыналар жатады: компенсациялық тип- анасы оларды тастап кеткен немесе аналық құқығынан айырғандықтан бала тәрбиелеп отырған әкелер. Әдетте, әйелдер отбасының қаржылық жағдайына қанағаттанбағандықтан ерлерін тастап, жақсы өмір іздеуге кетеді. Жалғыз басты әкенің деонтикалық түрін жесір қалған әкелер құрайды, олар баланы бағып-қағу, оларды аяғына тұрғызу өздерінің міндеттері деп санайды. Жалғыз басты әкенің манипуляциялық түрі көбінесе уақытша болып табылады, әдетте олар балаларды бұрынғы әйеліне кек құралы ретінде ғана қолдана алатын ер адамдар [3].

Статистикаға сәйкес, бүгінде үш некенің бірі ажырасу жағдайында. Бала тәрбиесін өз қолына алуға ниеттенген ер адамдар, өздерінің құқықтарын жиі талап ете бастады. Бірақ қолданыстағы стереотиптер оларға өз құқықтарын толық пайдалануға мүмкіндік берер емес. Әкелерге сот алдында балаларына толық қанды тәрбие бере алатынын, олардың қажеттілігін толық ақтайтынын, ата-аналық міндеттерін орындауға қабілетті екендігін дәлелдеуге тура келеді. Бұл процесс ұзақ уақыт алады, кейде тіпті нәтижесіз шығады.

Заң тұрғысынан қарағанда «жалғыз әке» деген түсінік ресми түрде кездеспейді, өйткені ер адам өз басы баланы дүниеге әкеле алмайды. Ажырасқан кезде, әйелі қайтыс болған жағдайда, ол жалғыз қалады және көп жағдайда қайтадан үйленеді, әке ретіндегі еркектердің қалыпты міндеттерін орындайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан заңы «жалғызбасты әке» санатына жатқызуға болатын адамдардың құқықтық мәртебесін нақты анықтамаған. Осы категорияға жататын адамдардың құқықтары мен әлеуметтік артықшылықтарын егжей-тегжейлі анықтайтын «жалғызбасты әке», «анасыз балаларды тәрбиелеп отырған әке» ұғымдарына құқықтық түсінік беретін нормативтік құқықтық акт та жоқ.

Өкінішке орай, бүгінде мемлекет тарапынан «жалғызбасты әкелерге» көрсетілетін көмек өте аз. Қазақстандық заңнамада азаматтардың бұл санаты туралы іс жүзінде аталмайды да. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде жалғызбасты ана туралы түсінік те жоқ. Әкелер туралы айтпай-ақ қояса да болады! Толық емес отбасыларға сенуге болатын жалғыз нәрсе, Қазақстан Республикасының 05.05.2005 жылғы Заңына сәйкес. № 63-III «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» - 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы, отбасының жан басына шаққандағы кірісі осы салада белгіленген азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда тағайындалады. Әр балаға айына берілетін жәрдемақының мөлшері 1 АЕК немесе 1512 теңгені құрайды [4].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес № 246-II «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы табысы кедейлік шегінен аспайтын азаматтарға тағайындалады. Оның мөлшері жан басына шаққандағы орташа табыс пен аймақтағы кедейлік шегінің арасындағы айырмашылық ретінде, әр отбасы мүшесіне байланысты есептеледі [5].

Айта кету керек, жалғызбасты әкелер де, жалғызбасты аналар сияқты, ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған жағдайда, асыраушысынан айрылғаны үшін берілетін жеңілдіктерге сене алады. 06.16.1997 жылғы N126 «Қазақстан Республикасындағы мүгедектікке, асыраушысынан айрылғандарға және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» заңына сәйкес, жәрдемақы алуға құқығы бар барлық отбасы мүшелеріне бір ғана жалпы жәрдемақы тағайындалады. № 16 бапта асыраушысынан айрылу бойынша ай сайынғы жәрдемақы оның барлық жұмысқа жарамсыз мүшелеріне 1,61 күнкөріс деңгейінде белгіленеді (шамамен 26 742 теңге) [6].

Өкінішке орай, жалғызбасты әкелер мен жалғызбасты аналар пәтер немесе балабақша алатын кезде қосымша артықшылықтарға ие бола алмайды. Төленетін бала күтіміне байланысты (декреттік) демалыс - бұл олардың құқығы. Алайда, елімізде ерлер әйелі болса да, бала күтіміне байланысты (декреттік) демалыста бола алады. Жалғыз басты әкелер атаулы әлеуметтік көмек немесе балалар жәрдемақысы туралы неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндірмелер алғысы келсе, тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен ала алады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің еңбек қатынастарында ерлер мен әйелдер тең құқықтарға ие, сондықтан жұмысшы-ер адам Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған әйелдерге тиесілі барлық құқықтар мен жеңілдіктерге ие [7].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 76-77-бабында: ана болуына байланысты әйелдерге берілетін кепілдіктер мен жеңілдіктер (түнгі жұмыстар мен шектен тыс жұмыстарды шектеу, демалыс және мереке емес жұмыс күндері жұмыспен қамту, іссапарларға жіберу, қосымша демалыстар беру, еңбек жағдайларын жеңілдету) нақты белгіленген. Заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленген басқа кепілдіктер мен жеңілдіктер анасыз балаларды тәрбиелеп отырған әкелерге, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қамқоршыларына (асыраушыларына) қолданылады.

Жалғыз әкені баласы бар және оны анасыз тәрбиелеп отырған ер адам деп санауға болады (егер баланың анасы ата-аналық құқығынан айырылса немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан болса, баланы ажырасу арқыл қалдырған, жоғалып кеткен, қайтыс болған және т.б.) [6]. Жалғыз басты әкелер үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде келесі жеңілдіктер көрсетілген:

54-бап. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу мүмкіндігін шектеу. 2. Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғыздікті аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен осы Кодекстің 52-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.

70-бап. Толық емес жұмыс уақыты. 3. Жұмыс беруші жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-ананың біреуінің (бала асырап алушының) жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытын белгілейді.

76-бап. Түнгі уақыттағы жұмыс. Жұмыс беруші: 1) жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді және жеті жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған басқа да адамдарды; 2) он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерді жазбаша келісімсіз түнгі уақыттағы жұмысқа тартуға құқылы емес.

82-бап. Ауысымшылық және арнайы үзілістер. 3. Бір жарым жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, бір жарым жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған әкелерге (бала асырап алушыларға) баланы (балаларды) тамақтандыру үшін жұмыстың әрбір үш сағатынан сиретпей ұзақтығы мынадай: 1) бір баласы барларға – әрбір үзіліс кемінде отыз минут; 2) екі немесе одан көп баласы барларға – әрбір үзіліс кемінде бір сағат болатын қосымша үзілістер беріледі. 4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген жұмыскердің өтініші бойынша баланы (балаларды) тамақтандыруға арналған үзілістер тынығуға және тамақтануға арналған үзілістерге қосылады не жиынтық үзілістер жұмыс күнінің (ауысымның) басында немесе аяғында беріледі. 5. Баланы (балаларды) тамақтандыруға арналған үзілістер жұмыс уақытына қосылады. Үзілістер уақытында әйелдердің, әкелердің, бала асырап алушылардың орташа жалақысы сақталады.

99-бап. Жүктілікке және бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыстар. 1. Жүкті әйелдерге, бала (балаларды) туған әйелдерге, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (еркектерге) баланың туылуына байланысты мынадай демалыстар беріледі: 1) жүктілікке және босануға байланысты демалыс; 2) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге демалыс; 3) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс. 4. Жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге (ата-ананың біреуіне) баланы асырап алған күннен бастап және бала туған күннен бастап елу алты күн өткенге дейінгі кезеңге демалыс беріледі. 5. Егер еңбек және (немесе) ұжымдық шарт талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, жұмыс

беруші орташа жалақыны сақтай отырып, Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегеріп, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге берілетін демалысқа ақы төлейді.

100-бап. Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс. 1. Жұмыс беруші жұмыскерге: 1) ата-анасының таңдауы бойынша – баланың анасына не әкесіне; 2) баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ата-анаға; 3) ата-ананың қамқорлығынсыз қалған баланы іс жүзінде тәрбиелеп отырған басқа туысына не қамқоршысына; 4) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерге бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті. 5) Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде оның ұзақтығы көрсетіле отырып және баланың туу туралы куәлігі немесе баланың туу фактісін растайтын басқа құжат ұсыныла отырып беріледі. Жұмыскер бала күтіміне байланысты демалысты бала үш жасқа толғанға дейін толық немесе бөліп пайдалана алады. 6. Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс уақытында жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады. 7. Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс аяқталғанға дейін жұмысқа шыққан жағдайда жұмыскер жұмыс берушіге өзінің ниеті туралы жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын ескертуге міндетті. [7].

Заңнама анасыз балаларды тәрбиелеп отырған әкелерге әйелдерге бірдей кепілдіктер мен жеңілдіктер беретініне қарамастан, іс жүзінде жалғыз басты әкелердің өз құқықтарын жүзеге асыруы жиі қиынға соғады. Сарапшылар мұны менталитет емес, мемлекет қалыптастырған жағдайға байланысты деп санайды.

Қазақстан Республикасының аумағында «жалғыз әке» мәртебесі заңды күшке ие болмағандықтан, мұндай отбасыларға айтарлықтай жеңілдіктер де берілмейді.

Жалғыз әке әрқашан жалғыз анадан гөрі қиын жағдайда болады деп есептеледі. Жалғыз қалмас бұрын, ер адам әйелдердің қалай жұмыс істейтінін біле бермейді: кір жуу, тамақ дайындау, тазалау сияқты ұсақ-түйек мәселелер ғой. Мұны да үйренуге болады. Ерлер психологиясының түкпірінде әлдеқайда күрделі мәселелер жатыр. Ер адамдар үшін ең қиыны - балалармен қарым-қатынас. Әйел табиғатынан эмоционалды, сондықтан жалғызбасты аналардың балалары аналарының көңіл бөлмегеніне қынжыла бермейді, ал жалғызбасты әкелердің балалары оған зәру.

Бала тәрбиесіндегі каталдық, уақыттың болмауы, шаршау сияқты түйткілді мәселелер ер адамды тығырыққа тірейді. Нәтижесінде - әке мен бала арасындағы бітіспес жанжал басталады. Ер адамдарға жаңа отбасын құру оңайға соқпайды. Мұндағы басты себеп - балалар, өйткені балалар отбасындағы жаңа әйелді жаңа ер адамға қарағанда нашар қабылдайды. Сондықтан көптеген әкелердің қайта отбасын құруға батылы жетпейді.

Баламен жалғыз қалу кез-келген ер адамның қолынан келе бермейді. Ол ерекше ақыл-ой мен мінезді, шыдамдылықты және өз парызын жанқиярлық деңгейінде түсінуді қажет етеді. Шынында да, қоғамдық пікірге сәйкес, баласы бар әйел табиғатынан жарасымды, ал жалғыз өзі бала тәрбиелеп отырған ер адам - бұл сирек құбылыс.

Халықтың осы санаттағы топтары үшін қаржылық қиындықтар, мемлекеттік жәрдемақылар мен субсидиялардың жетіспеушілігі маңызды мәселе болып табылады. Көбінесе жалғызбасты әкелер бала күтіміне берілетін жәрдемақыны алмайды. Әкелер отбасын материалдық қамтамасыз ету үшін жұмыс істегенді жөн көреді. Сонымен қатар, әкелер бала тәрбиесіне көп көңіл бөлу үшін аз жұмыс істей бастайды, бұл отбасы жағдайының нашарлауына әкеледі.

Көбіне жалғыз басты әкелер көмек сұрап жүгінген кезде, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің лауазымды адамдарымен қарым-қатынаста қиындық көреді. Қате ақпарат алған соң, ер адамдардың қайта оралуы екіталай.

Шешілуге тиісті мәселелердің қатарында жалғызбасты әкелердің тұрғын үй жағдайы. Тозған үйлерді бұзуға арналған мемлекеттік бағдарлама бар болғанымен, бұл көп көмектеспейді, жалғызбасты әкелері бар балалар тұратын үйлердегі жағдайлар көп нәрсені қажет етеді. Сонымен қатар, олардың білім алуға, медициналық қызметтерге және басқа да әлеуметтік

қызметтерге ешқандай жеңілдіктері жоқ. Мысалы, жалғызбасты аналардың мектепке дейінгі мекемеде орналасуының артықшылығы болса, ал жалғызбасты әкелерге бұл мүмкін емес.

Балалардың азаматтық алуында да қиындықтар бар, өйткені шенеуніктер жалғыз басты аналармен жұмыс істеуге дағдыланған.

Бір қарағанда, толық емес отбасылардың ең басты мәселесі – материалдық жағдай сияқты. Әйтсе де, мүлдем олай емес. Психологтардың пікірінше, анасыз баламен бетпе-бет, жалғыз қалған ер адам, осындай жағдайда қалған әйелге қарағанда әлдеқайда көп мәселелерді шешеді. Әйел баланы жалғыз өзі тәрбиелей алады, өйткені оған бір мезетте бірнеше нәрсе жасау үйреншікті жағдай: жұмыс жасау, бала-ның мектептен кейінгі қимыл-қозғалысын бақылау, үй шаруасымен айналысу және сатып алу т.б. [8].

Ер адамдарға бірнеше нәрсеге көңіл бөлу өте қиын. Жалғызбасты әкелер тек- тамақ әзірлеу, отбасылық бюджетті бөлу сияқты үйдегі күйбең тірліктен қиналады және мектептегі ата-аналар жиналыстарында ыңғайсызданады (өйткені ол жаққа әдетте әкелері емес, аналары барады). Бала тәрбиелсіне келгенде де олар жүрексінеді, әсіресе қыз бала қиындық туғызады. Сонымен қатар, әйелсіз қалған ер адам, әдетте, жаңа өмірлік серіктес табуға тырысады, бірақ сонымен бірге әке ретінде балаларынан жасқанып, жаңа отбасын құруға бата алмайды. Сондықтан үнемі осы жағдайға тап болған әкелер ызаланып, іштен тынып, тұйықталып қалады. Олар- «адамдар мұны әлсіздік деп ұғар» деген оймен өз проблемалары туралы ешкіммен бөліскісі келмейді.

Осыдан әйелдер өмірдің тұрмыстық, материалдық және тәрбие салаларын бақылауға көбірек бейімделген деп қорытынды жасауға болады. Ер адамдар өз балаларын қажеттінің бәрімен қамтамасыз ете алады, бірақ күтушіні жалдағанды жөн көреді, мектепке барудан қашпақтайды және тәрбие мәселелеріне келгенде әрдайым құлшына қоймайды (әсіресе отбасында қыз бала өсіп келе жатса). Сонымен қатар, олар үшін әйелсіз өмір сүруге мойын сұну және өздерін балаларына арнай салу қиынырақ.

Осылайша, жалғыз өзі бала тәрбиелеп отырған ер адамдар кездестіретін негізгі проблемалардың тізімін келтіруге болады:

- жалғызбасты әкелер көбінесе тұрмыстық қиындықтарға тап болады: тамақ дайындау, тамақ сатып алу, үйде тәртіпті сақтау, отбасылық бюджетті бөлу және т.б.;

- жалғыз өзі балаларды тәрбиелеп отырған әкелер ата-аналар жиналыстарында, құмда ойнатқанда немесе ойын алаңдарында қымсынады (бұл жерге әдетте, әкелер емес, баланың шешелері келеді);

- ер адамдар тәрбие мәселесіне келгенде қолымнан келмей ме деп жасқанады, әсіресе қыз тәрбиелеу керек болса; олар өздерін педагогикалық мәселелерде қабілетсізін деп санайды және сонымен бірге өздігінше шешім қабылдайды;

- қазіргі ер адамдар үшін үлкен психологиялық және физикалық ауыртпашылықтарды жеңу оңай емес; жұмыссыздық, егер жұмыс болса да, онда ең төменгі жалақы, отбасын асырауға жеткізудің өзі қиын, мұның бәрі өзіне деген сенімсіздікті ұялатады , бұл сөзсіз жүйке күйзелісіне, стресске, түрлі ауруларға жетелейді;

- ер адамға бір мезетте ана мен әкенің міндеттерін қатар алып жүруге тура келеді: бірде қатал әке, бірде нәзік ана болу, кішкентай қызына сүйікті құрбысы болу және жасөспірім баланың ақылшысы болуы керек. Сонымен қатар, әкелер үшін әйелсіз өмірге көндігу немесе өзін балаларына толығымен арнау қиынырақ. Әдетте, ер адамдар өмірлік серіктес табуға тырысады, бірақ ол балаларынан бата алмайды, жаңа отбасын құрудан қорқады. Ал психологтардың айтуынша жалғыз басты әкелер әйелдердің алдында үлкен сұранысқа ие; олардың екінші жартысын табу мүмкіндігі суыт жүретін бойдақтарға қарағанда 30 пайызға жоғары. Балаларға қамқоршы боп көрінетін еркектер әйелдерге ұнайды, бірақ жалғызбасты әкелер көбінесе жаңа неке балаларына жаман әсер етеді деп сескеніп, қайта үйленгісі келмейді, өйткені балалар отбасындағы жаңа әкеге қарағанда жаңа шешені қиынырақ қабылдайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазіргі қоғамының жаһандану жағдайында балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған әкелер, өмірдің түрлі салаларына қатысты әртүрлі сипаттағы бірқатар қиындықтарға кезігеді. Әлеуметтік қамсыздандыру орталықтарының жұмысы туралы ақпараттың өте төмен деңгейі- қазіргі кезде өте өзекті мәселе болып табылады. Қазақстандағы жалғызбасты әкелердің көпшілігі ешқашан әлеуметтік қорғау орталығына жүгінбеген. Жалғызбасты әкелер сан жағынан өсіп келе жатқан әлеуметтік топқа айналуына

байланысты тиісті саяси шаралар қабылдап, қолдау көрсететін қызметтерді құру қажеттілігі туындады.

Біздің ойымызша, осы бағыттағы ең басты мәселе - Қазақстан Республикасында «жалғызбасты әке» мәртебесін заңдастыру, өйткені қазіргі уақытта елімізде мұндай тұжырымдама жоқ. Сол себептен де жалғыз басты аналардың артықшылықтары сияқты мүмкіндіктерді балаларын өз бетінше тәрбиелеп отырған әкелер толыққанды пайдалана алмай отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Казинформ» <https://www.inform.kz/ru/>
2. Кон И. Мужчина в меняющемся мире. М. : Время, 2009. 496 с.
3. Михайлова Анна Ивановна. *Монородительские (отцовские) семьи: социолого-управленческий аспект тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 22.00.08, кандидат социологических наук. Чита, 2014. 13с.*
4. Қазақстан Республикасының 05.05.2005 жылғы Заңына сәйкес. № 63-III «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» adilet.zan.kz › Z970000126_
5. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес № 246-II «Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек туралы» adilet.zan.kz › Z970000126_
6. Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 126 Заңы. adilet.zan.kz › Z970000126_
7. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. adilet.zan.kz › Z970000126_(54-100 бapтap)
8. Ильин Е. Н. Дифференциальная психофизиология мужчины и женщины. СПб.: Питер, 2002. 544 с.

References:

1. «Kazinform» <https://www.inform.kz/ru/>
2. Kon I. *Muzhchina v menyayushchemsya mire*. M. : Vremya, 2009. 496 s.
3. Mihajlova Anna Ivanovna. *Monoroditel'skie (otsovskie) sem'i: sociologo-upravlencheskij aspekt tema dissertacii i avtoreferata po VAK RF 22.00.08, kandidat sociologicheskikh nauk. CHita, 2014. 13s.*
4. *Qazaqstan Respublikasynyn 05.05.2005 zhylgy Zanyyna saikes. № 63-III «Balaly otbasylarga beriletin memlekettik zhardemaqylar turaly»* adilet.zan.kz › Z970000126_
5. *Qazaqstan Respublikasynyn 2001 zhylgy 17 shildedegi Zanyyna saikes № 246-II «Memlekettik atauly aleumettik komek turaly»* adilet.zan.kz › Z970000126_
6. *Qazaqstan Respublikasynda mugedektigi boynsha zhane asyraushysynan aiyrlylu zhagdaiy boynsha beriletin memlekettik aleumettik zhardemaqylar turaly Qazaqstan Respublikasynyn 1997 zhylgy 16 mausymdagy N 126 Zany.* adilet.zan.kz › Z970000126_
7. *Qazaqstan Respublikasynyn Enbek kodeksi 2015 zhylgy 23 qarashadagy № 414-V QRZ.* adilet.zan.kz › Z970000126_(54-100 bapтар)
8. Il'in E. N. *Differencial'naya psihofiziologiya muzhchiny i zhenshchiny*. SPb.: Piter, 2002. 544 s.